

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Амангелді ауданы білім бөлімінің Амангелді жалпы  
білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік  
mekemесі

«Бекітілді»

Мектеп директоры:



Б.Ш. Дауитбаев

# Әдістемелік жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

Бекітімін:  
Мектен шефкөрді Б.Ш. Даутібаев



## 2023-2024 оку жылындағы Амангелді жалпы білім беретін мектебі КММ әдістемелік жұмысының жоспары

**Әдістемелік тақырып:** "Жана акпараттық технологияларды колдана отырып педагогтармен білім алушылардың күзүрттілігін дамыту арқылы білім сапасын арттыру»

**Максаты:** оку процесіне заманауи педагогикалық технологиялар мен оқыту әдістемелерін енгізу арқылы білім сапасын арттыру, педагогтардың кәсібиілік деңгейін арттыру, олардың кәсіби шеберлігінң осуіне жағдай жасау.

Міндеттері:

- Өзін-өзі тәрбиелеу қызметін жандандыру арқылы мұғалімдердің кәсіби күзүрттілігін жетілдіру.
- КБ жұмысының нағижелілігін анықтау, зерттеу және бағалау, оны жалпылау және тарату, кәсіби деңгей мен педагогикалық ізденісті арттыру максатында педагогикалық тәжірибелі тарату бойынша жұмысты үйымдастыру.
- Мотивацияланған білім алушылармен жұмысты жетілдіру, олардың шығармашылығын дамытууды қамтамасыз ету, окушыларды белсенді танымдық жобалау-зерттеу қызметіне косу.

-Инновациялық оқыту технологияларын колдану арқылы оқыту сапасын арттыру.

-Окушылардың білімін бақылаудын заманауи тәсілдері, окушылардың диагностикасы арқылы білім сапасының мониторингін жетілдіру

### Мекенжіл әдістемелік қызметтің құрылымы

Педагогикалық кенес

Әдістемелік кенес

Әдістемелік бірлестіктер

Коғамдық - Гуманитарлық пән Шет тілдер пән бірлестігі (казак тіл , тарих)	Математика, информатика мұғалімдері бірлестігі	Бастауыш съынып мұғалімдері бірлестігі	Жаратылыстану пәндер бірлестігі (Химия, биология, география , физика)	Өнер , технология пән бірлестігі
Әдістемелік тақырыптары				

<b>Жұмыстың негізгі бағыттары</b>			
1. Кадрлармен жұмыс.			
1.1. Біліктілікті көтеру.			
Максаты: кәсіби күзіреттіліктерін көтеру мен іс-әрекетін бағалау бойынша педагогикалық кадрлармен жұмыс жүйесін жептілдіру.			
№	Жұмыс мазмұны.	Мерзімі	Орындаушылар
1	Біліктілік артыру курсарынан өту жоспарын күру.	Кыркүйек	ДГӘДО
2	2023-2024 жылды курстан өту үшін педагогтер тізімін күрау	Кыркүйек	ДГӘДО
1.1.1. Курстық кайта даурау.			
1	Жұмыс мазмұны.	Мерзімі	Орындаушылар
2	Теориялық семинар «Аттестация сұрактары бойынша нормативтік-кубықтық база және әдістемелік үсіністар»	Кыркүйек, кантар	ДГӘДО
3	«Өз педагогикалық қызметтің талдау» аттесталатын педагогтер үшін топтық кенес берулер	Кыркүйек, кантар	ДГӘДО
4	Аттестация өту үшін өтініш жазу кезінде жеке консультациялар қызметтің талдау	Кыркүйек, кантар	ДГӘДО
5	2023-2043 оку жылында аттесталатын педагогтер тізімін нактылау	Кыркүйек	ДГӘДО
6	Аттестация бойынша стенді рәсімдеу	Кыркүйек	ДГӘДО
7	Педагогтер қызметтің зерттеу, аттестация өтүге жағетті күжаттарды рәсімдеу	Кестеге сәйкес	Әкімшілік, ӘБ жетекшілері
1.1.2. Педагог қызметкерлерінің аттестациясы.			
1	Жұмыс мазмұны.	Мерзімі	Орындаушылар
2	«Өз педагогикалық қызметтің талдау» аттесталатын педагогтер үшін топтық кенес берулер	Кыркүйек, кантар	ДГӘДО
3	Аттестация өту үшін өтініш жазу кезінде жеке консультациялар қызметтің талдау	Кыркүйек, кантар	ДГӘДО
4	2023-2043 оку жылында аттесталатын педагогтер тізімін нактылау	Кыркүйек	ДГӘДО
5	Аттестация бойынша стенді рәсімдеу	Кыркүйек	ДГӘДО
6	Педагогтер қызметтің зерттеу, аттестация өтүге жағетті күжаттарды рәсімдеу	Кестеге сәйкес	Әкімшілік, ӘБ жетекшілері
1.1.3. Жұмыс тәжірибесін жалпылау және тарату.			
Максаты: педагогтердің шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесін жалпылау және тарату.			
1	Мұғалім портфолиоы, әдістемелік «коржының» рәсімдеу	Жыл ішінде	ӘБ жетекшілері, пән мұғалімдері
2	ӘБ отырыстарында тәжірибемен болыу	Жыл ішінде	Тәжірибелі енгізу Ушін ұсыныстар әзірлеу

3	«Жыл мұғалім» байқауына катысу	Сәүір	Әкімшілік, мұғалімдер
4	Педагогикалық сайттар үшін материалдар әзірлеу	Жыл ішінде	Байқауға катысуз Педагогердің тәжірибесін белісу мұғалімдер,
<b>1.1.4.Әдістемелік семинарлар.</b>			
<b>Максаты: педагогердің касиби құрметтілігін көтеру</b>			
1	Білім беру үрдісінде акпараттық-коммуникациялық технологиялардын мумкіндіктері	Кыркүйек	ДГЭДО, мұғалімдер
2	Оқу сабактарының белсенді формалар	Казан	ДГЭДО, мұғалімдер
3	Заманауи сабакты дамытудың ресурстары	Желтоқсан	Педагогердің тәжірибесін белісу шыгармашылық топ
4	Заманауи сабакты жобалау	Кантар	ДГЭДО, шыгармашылық топ
5	Заманауи сабакты талдау	Наурыз	ДГЭДО, шыгармашылық топ
6	Сабак үстіндегі бағалау жүйесі	Сәүір	Педагогердің тәжірибесін белісу шыгармашылық топ
<b>1.1.5.Жас мамандармен жұмыс.</b>			
<b>Максаты: жас мұғалімге әдістемелік көмек көрсету</b>			
1	Күжаттарды рәсімдеуде көмек көрсету	Жыл бойы	ДГЭДО
2	ӘБ бойынша әріптестерінің сабактарына катысу	Жыл бойы	Мектеп күжаттарының дұрыс расімделуі
3	Жас мамандар сабактарына катысу	Караша, сәуір	ӘБ жетекшілері, пән мұғалімдер
4	Жас мамандарды өзін-өзі жетілдіру бойынша тестілеу	Сәүір	Әдістемелік көмек көрсету
<b>2.Мектептегі инновациялық қызметтің әдістемелік сүйемелдеуі</b>			
<b>2.1.Әдістемелік кабинет жұмысы.</b>			
<b>Максаты: акпараттық банк қалыптастыру, мұғалімдердің қажетті ақпаратка кол жеткізуіне жағдай жасау</b>			
1	Мектептің 2023-2024 оку жылына арналған әдістемелік тақырыбын бекіту.	тамъз	Әкімшілік
2	Әдістемелік бірлестікті жинақтау		ДГЭДО

3	Мектептің 2023-2024 оку жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын жасау	тамыз	ДРӘДО
4	Әдістемелік кеңестің куралының бекіту	қыркүйек	Әкімшілік
5	Мектеп педагогтерінің сандық және сапалық куралының туралы мәліметтер базасын, аттесттаудың перспективалық жоспары куру.	қыркүйек	ДРӘДО
6	Нормативтік-күккүйктік күжаттарды зерделеу	Жыл ішінде	Акпараттар банкін толықтыру
7	Әдістемелік әдебиет, оқу бағдарламалары	Жыл ішінде	Әдістемелік әдебиет көрін толықтыру
8	Мұғалымдердің, оқушылардың жобалау жұмыстарының тәжірибелін жинақтау бойынша материалдарды жүйелеу	Жыл ішінде	Акпараттар базасын толықтыру
2.2. Мектептің әдістемелік кеңесінің жұмысы .			
Максаты: білім беру үдерісін дамытудау жобалау, нәтижелі педагогикалық қызметті үйлемдастыруду			
<b>№1 отырыс. «ЖОСПАРЛАУ, МАКСАТ, МИНДЕТ»</b>			
1. 2023-2024 оку жылына әдістемелік кеңес жоспарын бекіту.			
2. Бірлестік жетекшілері мен жас мамандар талімгерліңің жұмыс жоспарын бекіту.			
3. Пәндік апталарды өткізу кестесін бекіту			
4. Мемлекеттік корытынды аттесттаттау нәтижелері ( ҰБТ-ға жан жакты талдау жасау)			
5.Қысқа мерзімді сабак жоспарларының күрүлі барысы , электрондық журналдарды дұрыс толтыру нұсқаулығымен тәннистыру.			
6.Аттестация озгерістерімен таныстыру			
<b>№2 отырыс. «ОЗАТ ТӘЖРИБЕ, КӨПКЕ ОРТАК»</b>			
1. 2023-2024 оку жылындағы мектеп пәндер олимпиадаларының корытындысы;			
2. 5-сынып оқушыларын жаңа жағдайларға бейімдеу пенберінде бесінші сынып оқушыларының айырын жоспарлау			
3. Білім жетекшілігінде бесінші сынып оқушынан етіп келген пән мұғалімдерінің іс- тәжірибелісін бөлісу ( мұзыка, информатика )			
5.Кіріктерінен сабактар іс-тәжірибеде. ( физика, химия,биология,география )			
1. 2023-2024 оку жылындағы мектеп пәндер олимпиадаларының корытындысы;			
2. 5-сынып оқушыларын жаңа жағдайларға бейімдеу пенберінде бесінші сынып оқушыларының айырын жоспарлау			
3. Білім жетекшілігінде бесінші сынып оқушынан етіп келген пән мұғалімдерінің іс- тәжірибелісін бөлісу ( мұзыка, информатика )			
5.Кіріктерінен сабактар іс-тәжірибеде. ( физика, химия,биология,география )			

**№3 отырыс. «МЕКТЕПТЕ ТАБЫСТЫ ОКУШЫЛАРДЫН  
ТҮЛГАСЫН ЖАҢ-ЖАҚТАЫ КАЛЬПАСТАРЫУДЫН  
НЕГІЗІ»**

1. Инклюзивті білім беру жағдайында білім алушылардың функционалдық сауаттылынын калыптыстыру ерекшеліктері.
2. Денсаулық сактау- білім сапасының негізі» мәселесі бойынша мектеп кызметін талдау.
3. Логопедтік есепте тұрган мектеп окушылармен жұмыстың жүргізу барысы .
4. Окушылардың спорттық және шыгармашылық жетістіктері.

**№4 отырыс «ЖАНАША БІЛІМ БЕРУ-**

**БҮГІНГІ КУН ТАЛАБЫ»**

1. Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингілеу (казак тілі, математика, жаратылыштану)окушылардың оку жетістігін бағалаудың заманауи едістері
2. Сабак Удерісінде биология кабинеттің мүмкіншіліктерін пайдалану арқылы окушыны пәнге қызықтыру.
2. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабагында ақпараттық технологияны колданудың тиімділігі»;
3. Білім жетілдіру курсынан етіп келген пән мұгалімдерінің іс-тәжірибелісімен белсуз.( казак тілі, орыс тілі)

**№5 отырыс «КОРЫТЫНДЫ , ТАЛДАУ,ЖИНАҚТАУ»**

1. Оку жылындағы оку бағдарламалары мен білім сапасын талдау.
2. Пәндік апталардың жұмысын корытындылау.
3. ӘК және МӘБ жұмысын 2024-2025 оку жылына жоспарлау туралы .

Мектеп психология

Медбике

Логопед

Аймаганбетов К  
Әміргазин С

Кантар

Аймаганбетов К  
Әміргазин С

Мектеп психология

Медбике

Логопед

Аймаганбетов К  
Әміргазин С

Жанбосынова Г.К  
Бірлестік  
жетекшілері  
Мектеп әкімшілігі

Мамыр

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің  
Амангелді жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Катысқаны: 65  
Катыспағаны: 1

31.08.2023 жыл

**Хаттама №1**  
**Тақырыбы: «Жоспарлау, мақсат, міндет»**  
**Күн тәртібінде:**  
**Тыңдалды:**

1. 2023-2024 оку жылына әдістемелік кеңес жоспарын бекіту. Г.Жанбосынова
2. Бірлестік жетекшілері мен жас мамандар тәлімгерінің жұмыс жоспарын бекіту Г.Әмірғазина
3. Пәндік апталарды өткізу кестесін бекіту. Г.Жанбосынова
4. Мемлекеттік қорытынды аттестаттау нәтижелері (ҰБТ-ға жан-жақты талдау жасау) Пән мұғалімдері
5. Қысқа мерзімді сабак жоспарларының құрылу барысы, электрондық журналдарды дұрыс толтыру нұсқаулығымен таныстыру Г.Жанбосынова
6. Аттестация өзгерістерімен таныстыру К.Әбдікова

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша оку ісінің орынбасары Г.Жанбосынова 2023-2024 оку жылына арналған әдістемелік кеңес жоспарын бекіту туралы сөз алды. Әдістемелік Әдістемелік кеңес тақырыбы: «Жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып педагогтармен білім алушылардың құзыреттілігін дамыту арқылы білім сапасын арттыру». Мақсаты: оку процесіне заманауи педагогикалық технологиялар мен оқыту әдістемелерімен енгізу арқылы білім сапасын арттыру, педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру, олардың кәсіби шеберлігінің өсуіне жағдай жасау.

**Қабылданған қаулы:**

Әдістемелік кеңес жоспары бекітіліп, жыл бойы сапалы жұмыс жасалсын.

Күн тәртібіндегі II мәселе бірлестік жетекшілері мен жас мамандар тәлімгерінің жұмыс жоспарын бекіту жөнінде оку ісінің орынбасары және жас мамандар жетекші Г.Әмірғазина сөйлемеді. Биылғы оку жылында 6 пән бірлестігі жұмыс жасайды. Тіл және тарих бірлестігі, жетекші С.Ауезбекова. Математика және информатика пән бірлестігі, жетекші Б.Баяхметова. Жаратылыстану пән бірлестігі, жетекші Н.Қабылдина. Бастауыш сынып бірлестігі, жетекші А.Абақанова. Технология пән бірлестігі. Жетекші А.Ержігітова. Шет тілдері пәні бірлестігі, жетекші Ж.Төлегенова. Әр пән бірлестіктерінің жұмыс тақырыбы алынып, мақсаты қойылды, жұмыс бағыты анықталды.

Биылғы оку жылында жас маман биология пәні мұғалімі Тоқпанбет Жангүл жұмыс істейді. Тәлімгері Қабылдина Нұргүл Қозықызы. Жас мамандар жетекші математика пәні мұғалімі Г.Әмірғазина маманмен жүргізілетін жұмыс бағытымен хабардар етті.

**Қабылданған қаулы:**

Пән бірлестіктерінің жұмыс бағыты бойынша жыл бойы сапалы жұмыс жасалсын

Күн тәртібіндегі IV мәселе мемлекеттік қорытынды аттестаттау нәтижелері (ҰБТ-ға жан-жақты талдау жасау) жөнінде оку ісінің менгерушісі және пән мұғалімдері сөйлемеді. 2022-2023

оку жылында 22 білім алушы аяқтаған болатын. ҰБТ нәтижесі қаралып, талқыланды. Оку жылы басталғаннан оқушылардан 8 байқау тест алынып, таладау жасалынып отырды.

### Қабылданған қаулы:

Алдағы оку жылында ҰБТ -ге сапалы нәтиже көрсету үшін, мұғалімдерге жоспарлы жұмыс жүргізу міндеттесін.

Күн тәртібіндегі V мәселе қысқа мерзімді сабак жоспарларының құрылу барысы, электрондық журналдарды дұрыс толтыру нұсқаулығымен таныстыру жөнінде оку ісінің менгерушісі Г.Жанбосынова сөйлемді. ҚМЖ 130 бұйрық 7 қосымшамен жасалады. Қысқа мерзімді жоспарлау мұғалімнің сабак жоспарын жасаудағы көмекшісі болып табылады, көрсетілген тармақтадың қөвшілігі оку жоспарының кез-келген бөлімі бойынша сабактарын жоспарлауда пайдалы. Бастауыш сынып мұғалімі А.Абақанова қазақ тілі пәнінен, математика пәні мұғалімі Б.Баяхметова математика пәнінен қысқа мерзімді жоспарды құрастыру үлгілерін ұсынып, өз тәжірибелерімен бөлісті. «Сындарлы кері байланыс» әдісімен мұғалімдердің пікір, ұсыныстары жасалды.

Электрондық күнделік дегеніміз – электрондық түрдегі құрылғының функционалдығы: мектеп бағдарламасының орындалуын бақылау, сабакқа қатысуын бақылау, ата-аналарға балалардың оку процесіндегі жетістіктері туралы ақапарат беру, білім беру мекемесіне жүктеме азайту, жалпы мектеп әлеуметтік желісін құру.

### Қабылданған қаулы:

Күнделікті сабак қысқа мерзімді жоспарлау 130 бұйрық бойынша жасалып, бекітүге ұсынылып отырысЫН. Электрондық күнделікті жүргізуде сауатты толтырып отыру, әр мұғалімнің негізі міндетті екені көрсетілсін.

Күн тәртібіндегі VI мәселе аттестация өзгерістерімен таныстыру тақырыбымен К.Абдикова сөйлемді. Оку-ағарту министрлігі мұғалімдерді аттестациялау үдерісін жетілдірді. Мұғалімдердің біліктілігін бағалаудың жаңа ережелері 2023-2024 оку жылынан бастап күшіне енеді. Бұл туралы білім беру қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесінде Оку-ағарту министрі F.Бейсембаев айтқан болатын. Ұлттық платформа негізіндегі аттестаттау процесі автоматтандырылды. Енді әр мұғалім өзінің қызметі туралы барлық ақпаратты өзінің жеке кабинетінде жинақтайтын болады. Педагогика және оқыту әдіstemесі бойынша тестілеу алынып тасталды. Мұғалім тек модератор мен сарапшыға ауысқандаған өз пәні бойынша сынақтан өтеді. Алдағы уақытта педагог-зерттеуші және магистр біліктілік санатын беру тәртібі толығымен өзгерітіледі. Кәсіби еңбек жолын алғаш рет бастайтын немесе еңбек өтілінде үзіліс алған педагогикалық мамандықтардың түлектері үшін санат олардың пайдасына қайта қаралатын болады. Мұғалімдерді марапаттау тетіктері де өзгеруде. Енді мұғалімдер шәкірттерінің жетістіктеріне қарай бағаланып, оған соның нәтижесінде біліктілік санаты беріліп, марапатталатын болады. Бұл зейнет жасындағы мұғалімдерге катысты. Сонымен бірге Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДК) арқылы педагогтерді жұмысқа қабылдау рәсімін толық автоматтандыру жоспарлануда. 2022-2023 оку жылында өтініш берген 27 педагогтан 19 педагог біліктілік санаттылығына педагог-сарапшыға 5 мұғалім, педагог-модераторға 14 мұғалім өтті (кесте ұсынылды).

### Қабылданған қаулы:

Педагогтардың біліктілігін арттырудагы атқарылатын жұмыстар педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы жалпы ережеге сәйкес жүзеге асырылсын.

Әдіstemелік кеңес төрайымы:  
Хатшысы:  Г.Жанбосынова  
Ә. Әмірбекова

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің  
Амангелді жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Қатысқаны: 65  
Қатыспағаны:

01.11.2023 жыл

**Хаттама №2  
Тақырыбы: «Озат тәжірибе, көпке ортақ»  
Күн тәртібінде:  
Тыңдалды:**

1. 2023-2024 оку жылындағы мектеп пәндік олимпиадаларының қорытындысы. К.Абдикова
2. 5 сынып оқушыларын жана жағдайларга бейімдеу шенберінде бесінші сынып оқушыларының айлығын жоспарлы түрде жүзеге асыру. Г.Жанбосынова Г.Сұлтанова
3. Білім жетілдіру курсынан өтіп келген пән мұғалімдерінің іс-тәжірибесімен бөлісу (музыка, информатика) Ержігітова А.  
Аханов А.
4. Кіріктірілген сабактар іс-тәжірибеде көрсету (физика, химия, биология, география)  
Исалина И., Жұманов Е., Қабылдина Н., Баймұханова Ж.

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша ғылыми істер жөніндегі орынбасар К.Абдикова 2023-2024 оку жылындағы мектепшілік пән олимпиадасының өткізілуі туралы сөйлемді. 2023-2024 оку жылы бойынша мектепшілік пән олимпиадасын ұйымдастыру туралы «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінен келген №562 бұйрықты басшылыққа алып, мектеп директорының мектепшілік пән олимпиадасын 27 қазан күні өткізу туралы №69 бұйрығы шығарылған. Мектеп бойынша 11 пәннен 204 оқушы тізімге алынып, бекітілген. Аудандық пән олимпиадасына жолдама алған оқушылармен қосымша дайындық жасау үшін кесте күрылған.

**Қабылданған қаулы:**

Олимпиаданың мектепшілік кезеңі сапалы өткізілсін, оқушылардың толықтай дерлік қатысуы пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі 5 сынып оқушыларының жаңа жағдайларға бейімделу шенберін анықтау мақсатында мектеп педагог-психологы Г.Сұлтанова Рене Жильдің вербальды-визуалды жобалау әдістемесін жүргізді. Мақсаты: баланың тұлға аралық қарым-қатынас сферасының ерекшеліктерін, отбасы арасындағы қарым-қатынасын, бала міnez құлқының кейбір сипаттарын зерттеу; оқушылардың орта буын талаптарына әлеуметтік бейімделуі мен икемделуін анықтау. Өтілу барысында бала өзіне берілген 12 түрлі суреттерге қарай отырып, берілген тапсырма бойынша өз нұсқасын көрсетіп, оны өзі таңдаған түстермен бояйды. М. Панфилованың «Кактус» графикалық тестін өткізген, тесттің мақсаты: баланың эмоциялдық жағдайын анықтау, агрессияны анықтау. Жүргізілген жұмыстар нәтижесі талданып, айтылды.

**Қабылданған қаулы:**

5 сынып оқушыларының жаңа жағдайларға бейімделуі, олармен жүйелі жұмыстар жүргізіп отыру, жоспар бойынша қадағалау мектеп психологі Г.Сұлтановаға жүктелінсін.

Күн тәртібіндегі III мәселе музыка пәні мұғалімі Ержігітова Айтқұл «Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында 80 академиялық сағаттық курсы бойынша педагогтармен іс-тәжірибесімен бөлісті. Пәнді оқытудағы жаңашыл әдіс-тәсілдермен таныстыруды. Одан әрі курс барысында педагогтарға сабак өткізу кезінде пайдалануға кенес ретінде сайттарды (презентация жасауға) көрсетті. Информатика пәні мұғалімі Аханов Айdos күнделікті толтыру жөніндегі мәселелерді көрсетті.

### **Қабылданған қаулы:**

Перспективалық жоспар бойынша курстар өтіп келген мұғалімдердің іс-тәжірибелерін таратып отыру жоспар бойынша әдістемелік кеңесте қаралсын, оны жоспарлы түрде өткізу оку-ғылыми орынбасарларға міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі IV мәселе биология пәні мұғалімі Қабылдина Нұргұл, география пәні мұғалімі Баймуканова Гүлжазира «Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары» тақырыбында кіріктірілген сабак көрсетті. Мақсаты: мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу тегінің орталықтарын оқып білу. Физика пәні мұғалімі Жұманов Ерлан, химия пәні мұғалімі Исалина Индира «Атом құрылышы. Атомдағы электрондардың қозғалысы» тақырыбында кіріктірілген сабак көрсетті. Сабактың мақсаты: алғашқы 20 элементтің атом құрылышы мен атом ядроның құрамын білу; атомда электрондар ядродан арқашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіну; әрбір электрон қабатында саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну. Одан әрі педагогтар сабактың өтілу барысын көрсетіп өтті. Пайдаланылған жаңаша әдіс-тәсілдерін көрсетті.

### **Қабылданған қаулы:**

Мектеп бойынша пән алталақтарында үнемі барлық пән мұғалімдері кіріктірілген сабактарды өткізу жүзеге асырылсын. Жоғары деңгейде өткен үздік сабактар аудан, облыс деңгейінде таратуға ұсынылып отырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  
Хатшысы:

Г.Қ.Жанбосынова  
Н.Қарғина

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің  
Амангелді жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Катысқаны: 65

Катыспаганы:

05.01.2024 жыл

**Хаттама №3**

**№3 Әдістемелік кеңес**

**«МЕКТЕПТЕ ТАБЫСТЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҰЛҒАСЫН ЖАН-ЖАҚТЫ  
ҚАЛЫПТАСТАРЫУДЫҢ НЕГІЗІ»**

**Күн тәртібінде:**

1. Инклюзивті білім беру жағдайында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптыстыру ерекшеліктері.

*Сұлтанова Г*

2. «Денсаулық сақтау- білім сапасының негізі» мәселесі бойынша мектеп қызметін талдау.

*Медбике Ахметова Г*

3. Логопедтік есепте тұрған мектеп оқушылармен жұмыстың жүргізілу барысы .

*Аяпбергенова Н*

4. Оқушылардың спорттық және шығармашылық жетістіктері.

*Аймаганбетов К , Әміргазин С*

5. Мұғалімнің әртүрлі формаларды, әдістерді және заманауи технологияларды қолдануы деңгейін анықтау (топтық жұмыс, жұптық жұмыс, жеке жұмыс)

*Әміргазина Г , Төлегенова Ж*

Күн тәртібіндегі I мәселе Инклюзивті білім беру жағдайында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптыстыру ерекшеліктері жөнінде мектеп психологі Г.Сұлтанова сөйлемді. Мектепте биылғы 2023-2024 оқу жылында инклюзивті білім алушы 2 оқушы, үйден оқытылып отырған 1 оқушы бар: Қайырбек Айсұлтан 2 сынып оқушысы, оқушы үйден оқытылады. Байбакова Мадина 5 сынып оқушысы. Есет Еркеназ 4 сынып оқушысы. Мектеп психологі әр оқушының диагнозы мен оқушы туралы мәліметті әр оқушыға тоқталып айтып етті. Берілген диагноздарына байланысты білім алушылардың психофизиологиялық баяу даму көрсеткіштері мектеп тарарапынан жеке бағдарламаларына сәйкес педагог-психолог, логопед, әлеуметтік педагог, мектеп медбикесі, сынып жетекшілер, кітапханашы, мектеп асханасы, тәрбие және оқу саласының орынбасарлары бірлесіп, пән мұғалімдері мен арнайы мұғалімдер белініп, жеке оқу бағдарламасы бойынша сабактар берілуде. Психологиялық-педагогикалық қолдау мақсатындағы арнайы мамандар (дефектолог, психолог, логопед) құрамына ата –аналардың өз қалауларымен апаратындығы айтылды.

**Қабылданған қаулы:**

Инклюзивті білім беру жағдайында білім алушылардың берілген диагноздарына байланысты психофизиологиялық баяу дамуы көрсеткіштері мектеп тарарапынан жеке бағдарламаларына сәйкес мамандар мен пән мұғалімдері жеке оқу бағдарламасы бойынша сабак беруде сапалы жұмыстар жүргізілсін.

Күн тәртібіндегі II мәселе «Денсаулық сақтау- білім сапасының негізі» тақырыбында мектеп медбикесі Ахметова Г. сөйлемді. Мектепте 339 оқушы білім алуда, 18 сынып кабинеттері қамтылған. Оқушылардың бой – басының тазалығы, оқу кабинеттерінің тазалығы санитарлық гигиеналық талаптарға сай болуы қадағаланып, үнемі назарда ұсталады. Мектепте 66 педагог пен 22 кіші қызметкерлер жұмыс жасайды. Барлық мамандар медициналық тексерулерден өткен және жас ерекшеліктеріне байланысты профилактикалық скринингтен өтуі үшін алдын ала

ескерту жұмыстары жүргізіледі. Манту туберкулез ауруының сынамасы ата-аналардың рұқсатымен жасалады. Барлық іс-шаралар ата-аналарға ескертіліп, алдын ала түсінідіріледі.

### **Қабылданған қаулы:**

Денсаулық сақтау – білім сапасының негізі, сол себепті де білім алушылардың денсаулығы мен тазалығына, оқу кабинеттерінің санитарлық гигиеналық тазалығына басым қадағалау жұмыстары үнемі жүргізілсін.

Күн тәртібіндегі III мәселе логопедтік есепте түрған мектеп оқушылармен жұмыстың жүргізілу барысы бойынша мектеп логопеді Аяпбергенова Н. сөйледі. Мектепте логопедтік есепте үш оқушы тіркелген. Үйден оқытылатын 2 сынып оқушысы Қайырбек Айсұлтан. Оқушыда жалпы сөйлеу тілінің дамымауының II деңгейі тіркелген. 4 сынып оқушысы Есет Еркеназ. Женіл түрдегі зиятының зақымдалуы. Сөйлеудің жүйелі дамымауы. 5 сынып оқушысы Байбақова Мадина. Женіл түрдегі зиятының зақымдалуы. Сөйлеудің жүйелі дамымауы. Оқушыларға жеке-жеке сипаттама берілді. Оқу жылының басында анықталып, қойылған диагноздарына, баладағы кемшіліктеге қарай отырып, жылдық, күнтізбелік жұмыс жоспарлары жасалынып, жұмыстар атқарылуда. Әртүрлі диагностикалық жұмыстар, ойын тапсырмалар, жаттығулар арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттеріне арналған жаттығулар, оқу әрекетінде сабакқа қызығушылығын арттыру жұмыстары, дыбыстарға байланысты артикуляциялық аппарат органдарын жаттықтыратын, саусақ жаттығулары арқылы ұсақ қол моторикасы дамытатын, ерін, тіл, таңдайды қатыстыруға арналған жаттығулар, түзету жұмыстары атқарылуда. Балалардың жеке әрекшеліктеріне және оның дамуын анықтау арқылы қолайлы жағдай қалыптастырылды. Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларын анықтау мақсатында бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына арналған саулнама жүргізілді. Бұл саулнаманың мақсаты - балаларға оқытуды үйлемдастыру мен көмек көрсетуді жақсартуға септігін тигізеді. Саулнама нәтижесінде тіл дефектісінен кемшілігі бар бала болған жоқ.

### **Қабылданған қаулы:**

Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен дамытудың жеке бағдарламасымен жұмыс жасауда әр баланың әрекшеліктерін ескере отырып, түзету және дамыту жұмыстары сапалы жасалсын.

Күн тәртібіндегі IV мәселе оқушылардың спорттық және шығармашылық жетістіктері жөнінде дene шынықтыру пәні мұғалімдері К.Аймағанбетов, С.Әмірғазин сөйледі. Дене тәрбиесінің жалпы міндеттерімен қатар оның тәрбиелік, тәлімдік, нұсқаушылық бағыты оқушылардың сабак барысында және үй жағдайында өзіндік шынығуына ықпал етуі де өте маңызды. Дене тәрбиесі сабағының тиімділігін арттыру, ол пән мұғалімін тек дene жүктемесінің орындалу деңгейіне ғана емес, сонымен бірге оқушы сабакта қандай білім, тәрбие және дағды алды, оны күнделікті өмірде нақтылы жағдайда пайдалана алды ма? және өзге іс-әрекеттерінде осы алған білім, дағдыларын қаншалықты жүзеге асыра алды - деген мәселелер де толғандыруы тиіс. Оқушылардың дene қабілеттері мен қозғалыс дағдыларын дамыту үшін бір бағытта ғана емес, сонымен бірге сабак өткізуін әдіс-тәсілдерін жан-жақты тиімді қолдану және жаттығулар мен жүктемелерді қыыннан онайға, онайдан қыынға ауыстыра жүргізу қағидалары арқылы қол жеткізуге болады деген пікірін айтты.

Биылғы жылы мектебіміздің оқушылары Аудандық спорттық сайыс турлерінен алдынғы қатардан көрініп келеді. Аудан мектерінің арасында биыл бесінші жыл катарынан біздің мектептің оқушылар көш бастап түр. Бұдан әрі баяндамашылар оқушылардың жетістіктерімен таныстырыды. (слайд, суреттер)

### **Қабылданған қаулы:**

Биылғы оқу жылында спорттық жетістіктерге өте жақсы деген баға берілсін.

Күн тәртібіндегі V мәселе Мұғалімнің әртүрлі формаларды, әдістерді және заманауи технологияларды қолдануы деңгейін анықтау (топтық жұмыс, жұптық жұмыс, жеке жұмыс) мақсатында математика пәні мұғалімі Әмірғазина Г. және ағылшын тілі пәні мұғалімі Төлегенова Ж. жұмыс көрсетті. Баяндаушылар өз сабактарында топтық, жұптық, жеке жұмыс

турлерін үнемі жүзеге асырып отырады. Осы орайда жұмыстарға жеке тоқталып, ақпарат бере отырып, топтық, жеке, жұптық жұмыстардың оң нәтижелері жөнінде келесідей айтып өтті: аталған жұмыс түрлерін пайдалану сабактың мәнін терең ашуға көмектеседі; оқушылардың барлығын сабакқа катысыруға мүмкіндік туады; әрқайсының деңгейі анықталады; оқушылардың кебін бағалауға мүмкіндік туады; оқушыларды ізденіске баулып, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйретеді; оқушылардың кабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылдық белсенділігі артады; жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шындауда, өзіне деген сенімін қалыптастырады.

### Қабылданған қаулы:

Заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шүғыл шешімдер қабылдай билетін, белсенді, бәсекеге қабілетті ұрпақ қажет. Жоғарыда көрсетілген әдістер үнемі әр педагогтың сабактарында жүзеге асырылып, сапалы білім көрсетуге бағытталсын.

Әдістемелік кенес төрайымы:  Г.К.Жанбосынова

Хатшы:  Н.Карфина

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің Амангелді жалпы білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Катысқаны: 65

27.03.2024 жыл

**Хаттама №4**

**«ЖАҢАША БІЛІМ БЕРУ - БҮГІНГІ КҮН ТАЛАБЫ»**

**Күн тәртібінде:**

1. Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингілеу (қазақ тілі, математика, жаратылыштану) оқушылардың оқу жетістігін бағалаудың заманауи әдістері 4, 9 сынып жетекшілері, пән мұғалімдері
2. Сабак үдерісінде биология кабинетінің мүмкіншіліктерін пайдалану арқылы оқушыны пәнге қызықтыру Еркінбаева А.
3. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында ақпараттық технологияны қолданудың тиімділігі» Исқаков Е
4. Білім жетілдіру курсынан өтіп келген пән мұғалімдерінің іс-тәжірибесімен бөлісу (қазақ тілі, орыс тілі)

Арбабаева А., Мухатина С., Байкенова М

Күн тәртібіндегі I мәселе білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингілеу (қазақ тілі, математика, жаратылыштану) оқушылардың оқу жетістігін бағалаудың заманауи әдістері тақырыбында 4, 9 сынып жетекшілері, пән мұғалімдері сөйлемді. 4 сыныптардан кезекті №4 тест жұмыстары ақпан айында алғынған. Тест нәтижесі бойынша 4 «А» сыныбы төмендегідей нәтиже көрсеткен: сыныпта 13 оқушы. Математика сауаттылығы сынама тестінде орташа нәтиже 6 балл (50%) 3 оқушы көрсеткен. 9 балл (75%) 2 оқушы. 8 балл (67%) 5 оқушы. Сыныптың жалпы білім сапасы 61%. Ортақ балл 7\9. Жаратылыштану пәні бойынша орташа нәтиже 4 балл (50%) 3 оқушы көрсеткен. Жақсы балл алған 7 оқушы, ең жоғары балл жинаған оқушы жоқ, ортақ балл 5,3%. Пән бойынша білім сапасы 61%. Оқу сауаттылғы бойынша орташа нәтиже 6 балл (60%) 4 оқушы көрсеткен. Жоғары 10 балл (100%) 1 оқушы. 8 балл (80%) 5 оқушы. Ортақ балл 7\3. Білім сапасы 69%.

4 «Ә» сыныбында 13 оқушы, 12 оқушы тестке қатынасты. Әдебиеттік оқу пәні бойынша 5 балл (50%) 2 оқушы көрсетті. Жоғары балл жинаған 1 оқушы. 4-тік баға алған 6 оқушы. Ортақ балл 7,5. Жалпы білім сапасы 83%. Математика пәні бойынша 5 оқушы төмен нәтиже, 5тік бағаны 1 оқушы, 4тік бағаны 7 оқушы, ортақ балл 8,6. Білім сапасы 66%. Жаратылыштану пәні бойынша төмен нәтижені 3 оқушы, жоғары нәтиже көрсеткен оқушы жоқ, 4тік бағаны 9 оқушы көрсеткен. Ортақ балл 5,83. Білім сапасы 75%.

9 «А» сыныбының ақпан айында алғынған тест нәтижесі бойынша нәтижелер көрсеткен. Оқу сауаттылығынан базалық деңгейді 3 оқушы, орташа деңгейді 8 оқушы, жоғары деңгейді 4 оқушы менгерген. Орташа балл – 6,75.

Математикалық сауаттылықты базалық деңгейде 10 оқушы, орташа деңгейде 6 оқушы менгерген, жоғары деңгейде ешқандай оқушы менгерген. Орташа балл – 6,1.

Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша базалық деңгейді 3 оқушы, орташа деңгейді 10 оқушы, жоғары деңгейді 2 оқушы менгерген. Орташа балл – 5,9.

9 «Ә» сыныбында оқу сауаттылығынан базалық деңгейді 4 оқушы, орташа деңгейді 7 оқушы, жоғары деңгейді 10 оқушы менгерген. Орташа балл – 6,98.

Математикалық сауаттылықты базалық деңгейде 12 оқушы, орташа деңгейде 7 оқушы менгерген, жоғары деңгейде 2 оқушы менгерген. Орташа балл – 7,9.

Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша базалық деңгейді 12 оқушы, орташа деңгейді 6 оқушы, жоғары деңгейді 3 оқушы менгерген. Орташа балл – 7,3.

### **Қабылданған қаулы:**

Оқушылардың орташа баллдары төмен болуына байланысты пән мұғалімдері оқушылармен дайындық жұмыстары жандандырылсын. Жоғары нәтижеге жұмыс жасалсын.

Күн тәртібіндегі II мәселе сабак үдерісінде биология кабинетінің мүмкіншіліктерін пайдалану арқылы оқушыны пәнге қызықтыру туралы биология пәні мұғалімі А.Еркінбаева сөйлемді. Баяндамашы жаңа технологияны менгеру мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін жүйелі үйімдастыруына, сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами қабілеттерінің қалыптасуына иті әсерін тигізіп, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді үйімдастыруына көмегі зор деп біледі. Оқушылар биология сабағында арнайы компьютерлік бағдарламалар мен электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы кез-келген тақырыпты өздері менгереді. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жасаудың көп көмегін тигізеді. Бұдан әрі мұғалім өз сабағында қолданатын түрлі әдіс-тәсілдермен бөлісті.

### **Қабылданған қаулы:**

Колжетімді ресурстарды дұрыс әрі тиімді пайдалану арқылы сабактағы мақсат нақты, жүйелі орындалсын.

Күн тәртібіндегі III мәселе Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында ақпараттық технологияны қолданудың тиімділігі тақырыбында алғашқы әскери даярлық пәнінің мұғалімі Е.Искаков сөйлемді. Алғашқы әскери дайындық азаматтарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында әскери қызмет атқаруға дайындық жүйесінің бір бөлігі болып табылатындықтан, қазіргі кезеңде «Алғашқы әскери дайындық» пәнін оқыту Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы, «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері және Қорғанысы туралы» және «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарына сәйкестікте

жүзеге асып отыр. Алғашқы әскери дайындық – Қазақстан Республикасы азаматтарын Қарулы Құштерде, басқа да әскер және әскери құрамаларда қызмет етуге дайындастырылған мемлекеттік жүйенің негізгі құрамы болып табылады. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

Алғашқы әскери дайындық пәні сабактарында ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

1. Оқушының өз бетімен жұмысы;
2. Аз уақытта көп білім алғыш, уақытты үнемдеу;
3. Білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
4. Қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
5. Қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
6. Іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
7. Оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Оқытушы сабағында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық - коммуникациялық технологияны пайдалану оқытуудың тиімді әдістерінің бірі деп есептейді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны менгеру құзіреттілігін қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруандыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу кабілеттерін қалыптастыру. Менгерілуі қыын сабактарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп есептейді. Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа ақпараттарды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тестік бақылауға арналған бағдарламалық құрал. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағат-бағдар беруші – мұғалімдер. Оқушылардың жаңа түрмисқа, жаңа окуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек. Баяндамашы ұсыныстарын білдірді: орта білім беретін оку орындарын қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал – жабдықтармен жабдықтау, интерактивті тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету; орта білім саласында оқытуудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану бойынша білім жетілдіру курстарын жиі ұйымдастыру;

### **Қабылданған қаулы:**

Ақпараттық – коммуникациялық технологияны оқу – тәрбие үрдісінде пайдалана отырып оқушының қызығушылығы мен шығармашылық шабытын шындалап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті тұлға даярлауда нәтижелі жұмыс жасалуы тиіс.

Күн тәртібіндегі IV мәселе бойынша білім жетілдіру курсынан өтіп келген пән мұғалімдері Арбабаева А., Мухатина С., Байкенова М. іс-тәжірибесімен бөлісті (қазақ тілі, орыс тілі). Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Байкенова Марал Бакыткеревна пән бойынша 24 шілде мен 11 тамыз аралығында білім жетілдіру курсынан өтіп келді. Мұғалім сол жерде үйренген іс-тәжірибесімен бөлісті. Сабактың өзгеше өтуі, яғни дәстүрлі емес сабактың өтуі мұғалімнің жоспарды құруына да байланысты. Оқудың әрбір кезеңінің басынан бастап соңына дейін алға

ілгерілеуді қамтамасыз ету – қысқа мерзімді жопарда жоспарланады. Қысқа мерзімді жоспар орта мерзімді жоспардың құрамындағы бір тақырыпқа байланысты, оқушыға арнап құрылған сабак жоспарының формасы немесе үлгісі. Яғни, қысқа мерзімді жоспар – жеке, дербес сабак жоспары болып табылады. Қысқа мерзімді жоспар туралы көптеген мәліметтер айтылып өтті. Сонымен бірге саралап оқыту идеясы аясында оқушылардың барлығына бірдей мақсат белгілемей, олардың танымдық деңгейлері бойынша түрлі мақсаттар қойған дұрыс деп есептейді. Мұғалім слайд арқылы мәліметтер ұсынды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері А.Арбабаева және С.Мухатина «Қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәні педагогтерінің базалық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында біліктілік курсынан өтіп келді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағын оқыту барысында тілдің қырсырын, табиғатын таныта отырып ертеңгі өмірден орын таба алатын, өзіне сенімді, парасатты үрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибелі байыта түсу қажет деп есептейді. Мұғалім үшін ең басты назар аударатын мәселе – сабак әдісі. Оқушыларға пәнді менгертуде жақсы нәтижеге жету үшін мұғалім сабактың түріне қарай әр түрлі әдістерді тиімді қолдану керек деген пікір айтты. Функционалдық сауаттылық дамыту – бүтінгі заманның талабы. Соның ішінде оқу сауаттылығы – оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қодануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Яғни, оқу сауаттылығының негізі – мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Баяндамашылар аудиторияның қызығушылығын арттыру мақсатында сергіту сәтін өткізу, түрлі әдіс-тәсілдерімен бөлісті.

#### **Қабылданған қаулы:**

Қолданылған түрлі әдіс-тәсілдер оқушының өнімді, шығармашылық ойлаудың, оқушының танымдық іс-әрекетін ынталандырушы және қандайда мәселенің шешу жолдары жөнінде еркін пікір алмасуына тиімді әсер ететін тәсілдер күнделікті сабакта тиімді қолданылып, жақсы нәтиже көрсетуге жұмыс атқарылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  Г.К.Жанбосынова

Хатшы:  Н.Ж.Каргина

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің Амангелді жалпы білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Қатысқаны: 65

24.05.2024 жыл

**«ҚОРЫТЫНДЫ, ТАЛДАУ, ЖИНАҚТАУ»**

**Күн тәртібінде:**

1. Оку жылындағы оку бағдарламалары мен білім сапасын талдау

Оку ісінің орынбасары Г.Қ.Жанбосынова

2. Пәндік апталардың жұмысын қорытындылау

Бірлестік жетекшілері.

3. ӨК және МӘБ жұмысын 2024-2025 оку жылына жоспарлау туралы

Мектеп әкімшілігі

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша оку ісінің орынбасары Г.Қ.Жанбосынова оку жылындағы оку бағдарламалар мен білім сапасына қорытынды талдау жасады. Оку ісінің орынбасары окушы қозғалысы мен жылдық білім сапаға тоқталды. Жыл ішіндегі жетістіктер мен кемшіліктер айтылып өтті.

**Қабылданған қаулы:**

2023-2024 оку жылында жіберілген кемшіліктер ескеріліп, алдағы оку жылында сапалы жұмыс жүргізуге бағытталсын.

Күн тәртібіндегі II мәселе пәндік апталардың жұмысын қорытындылауға бірлестік жетекшілері сейледі. Мекепте 6 пән бірлестігі жұмыс жасайды. Бастауыш сыныптар пән бірлестігі, жетекшісі Б.Жұбатқанова. Математика пән бірлестігі, жетекшісі Б.Баяхметова. Қазақ тілі мен әдебиет және тарих пән бірлестігі, жетекшісі С.Ауезбекова. Жаратылыштану пән бірлестігі, жетекшісі Н.Қабылдина. Шет тілдер бірлестігі, жетекшісі Ж.Төлегенова. Дене шынықтыру және технология, музика пәндер бірлестігі, жетекшісі А.Ержігітова.

Оку жылының басынан жоспар бойынша апталық құндері койылып, өткізілді. Пән мұғалімдері іс-тәжірибе алмасу мақсатында көрме үйымдастырып, сабактар, сыныптан тыс сабактар өткізді. Өткізілген іс-шаралар жөнінде құжаттары тапсырылып, әлеуметтік желіге жарияланған.

**Қабылданған қаулы:**

Жыл ішінде пән бірлестіктерінің жасаған жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.  
Алдағы оку жылына жаңа, тың идеялармен жұмыс жасау жоспарға алынсын.

Күн тәртібіндегі III мәселе ӘК және МӘК жұмысын 2024-2025 оқу жылына жоспарлау туралы мектеп әкімшілігі хабарлама жасады. Мектеп әкімшілік құрамының алдағы оқу жылында жүргізілетін жұмыстарын жоспарлау тыңдалды. Жыл ішінде жасалған жұмыстар тыңдалып, жаңа оқу жылына құрылған міндеттер таныстырылды.

**Қабылданған қаулы:**

Жаңа оқу жылына даярланған міндеттер қаралып, толықтырулар енгізілсін.

Өдістемелік кеңес төрайымы:  Г.К.Жанбосынова

Хатшы:  Н.Ж.Каргина